

Шұқыжанова А.Н.¹, Калиева А.А.²

¹*PhD., қауымдастырылған профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚжШТУ,*
²*ә.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚжШТУ,*
Алматы қ., Қазақстан

ҚЫРҒЫЗСТАННЫҢ БАТКЕН ЖӘНЕ ТӘЖІКСТАННЫҢ СОГДЫ ОБЛЫСТАРЫНЫҢ ШЕКАРАСЫНДАҒЫ ҚАҚТЫҒЫСТАР

Аңдатпа

Мақалада Тәжікстан мен Қырғызстан республикаларының шекаралас облыстарындағы қақтығысты жағдайларға талдау мен шолу жасалынған. Шекаралық дау-дамайлар ХХ ғасырдың 90 жылдарының басында КСРО ыдырауы және тәуелсіз жаңа мемлекеттердің пайда болуымен ушыққандығы көрсетілген. Шекараның кейбір жер телімдері әлі күнге дейін анықталынбаған. Таласты жер телімдеріндегі шаруашылық және әкімшілік жұмыстар қақтығысқа әкеледі. Тәжікстан мен Қырғызстан арасындағы қарым-қатынасқа тікелей әсер ететін Баткен және Согды облыстары маңайындағы қақтығыстардың шығу себептері мен жүру барысына талдау жасалынады. Мақалада 2013-2015 жылдар аралығында орын алған қақтығысты жағдайлар қарастырылған.

Авторлар шекаралық дау-дамайлар және олардан туындайтын қақтығыстар екі жақтың тең дәрежеде күш салуымен шешілетіндігін мәлімдейді. Тәжікстан мен Қырғызстан арасындағы шекараның демаркациялануы мен делимитациялануы Орталық Азия мемлекеттерінің тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін факторлар болып табылады.

Түйін сөздер: Орталық Азия, қауіпсіздік, трансшекаралық қақтығыстар, Қырғызстан, Өзбекстан.

Shukyzhanova A.N.,¹ Kalyieva A.A.²

¹*PhD, associate professor of the Ablai Khan KazUIRWL,*
²*c.s.s., associate professor of the Ablai Khan KazUIRWL,*
Almaty, Kazakhstan

CONFLICTS IN THE BORDER OF BATKEN OBLAST OF KIRGYZSTAN AND SUGHD OBLAST OF TAJIKISTAN

Abstract

Article is devoted to the review and the analysis of conflict situations on border between Tajikistan and Kyrgyzstan in the Fergana Valley. It is noted that border disputes became aggravated at the beginning of the 90th of the 20th century after the collapse of the USSR and emergence of the independent states. Certain sites of border remain uncertain. Economic activity on disputed sites leads to the conflict. The process of localization and bursting of local conflicts is being analyzed in Batken and Sughd oblasts of two states, which promotes the prospects of development of mutual relations between Tajikistan and Kyrgyzstan. An attempt of determination of nature of the conflict and search of ways of its permission is made. In article the conflict situations which arose in the Fergana Valley during 2013-2015 are considered.

Authors note that border disputes and the conflicts caused by them can be solved only by efforts of both parties. Demarcation and delimitation of borders between Tajikistan and Kyrgyzstan is a factor of ensuring sustainable development and safety of the states of Central Asia.

Key words: Central Asia, security, cross-border conflicts, Kyrgyzstan, Tajikistan

Шуқыжанова А.Н.,¹ Калиева А.А.²

¹*PhD, ассоциированный профессор КазУМОиМЯ имени Абылай хана*
²*к.с.н., ассоциированный профессор КазУМОиМЯ имени Абылай хана*

КОНФЛИКТЫ В ГРАНИЦЕ БАТКЕНСКОЙ ОБЛАСТИ КЫРГЫЗСТАНА И СОГДИЙСКОЙ ОБЛАСТИ ТАДЖИКИСТАНА

Аннотация

Статья посвящена обзору и анализу конфликтных ситуаций на границе между Таджикистаном и Кыргызстаном в Ферганской долине. Отмечено, что пограничные споры обострились в начале 90-х гг. XX в. в связи с распадом СССР и возникновением независимых государств. Отдельные участки границы до сих пор остаются неопределенными. Хозяйственная деятельность на спорных участках приводит к конфликту. Анализируется процесс возникновения и ход локальных конфликтов, оказывающих непосредственное влияние на перспективы развития взаимоотношений между Таджикистаном и Кыргызстаном. Предпринимается попытка определения характера конфликта и поиска путей его разрешения. В статье рассмотрены конфликтные ситуации, возникшие в Ферганской долине в течение 2013-2015 гг.

Авторы констатируют, что пограничные споры и вызываемые ими конфликты могут быть решены только усилиями обеих сторон. Демаркация и делимитация границ между Таджикистаном и Кыргызстаном является фактором обеспечения устойчивого развития и безопасности государств Центральной Азии.

Ключевые слова: Центральная Азия, безопасность, трансграничные конфликты, Кыргызстан, Таджикистан.

Ферғана алқабындағы Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан Республикалары арасындағы мемлекеттік шекара сызығының толық анықталмағандығы және заңды түрде рәсімделген шекараның қажетті деңгейде бақыланбайтындығы трансшекаралық қақтығыстарға әкелуде.

Қырғызстанның Баткен және Тәжікстанның Согды облыстарының шекарасындағы делимитацияланбаған шекара телімінде қақтығыс әлеуеті жоғары. Шекара маңы жер және су қатынастарының қақтығысты жағдайының дамуы мен тереңдеуінің тарихы 1920 жылдары республика аралық қырғыз – тәжік әкімшілік шекарасының құрылуы негізінде басталып, бүгінгі күнге дейін жалғасуда. 1924-1927 жылдар аралығындағы ұлттық – территориялды межелеу кезінде пайда болған қарама – қайшылықтар қазіргі кездің өзінде де екі жақ мемлекеттің тұрғындарына моралды және материалды шығын әкеліп отыр.

Ферғана алқабының бір бөлігі болып табылатын Баткен облысы Қырғызстанның оңтүстік – батысында орналасқан. 1999 жылы 12 қазанда Ферғана алқабына панисламдық экстремистрдің басып кіруінен кейін Баткен облысына Қырғызстанның жетінші облысы статусы берілді. Аталған облыста 492600 адам тұрады және олар мал және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіреді.

Тәжікстанның Согды облысының 2349000 халқы бар. Республиканың солтүстік – батысында орналасқан. Тәжікстандағы ең көп өңделетін жер осы облыста. Сыртқы су көздеріне толықтай тәуелді Тәжікстанның жалғыз аймағы [1].

Қырғызстан мен Тәжікстанды бөліп жатқан 971 шақырымның 519 ғана келісілген. Осы екі мемлекеттің таласты телімдері Қырғызстанның Баткен облысы мен Тәжікстанның Согды облыстарында. Баткен облысында Тәжікстанның Ворух және Батыс Калача атты екі анклавты орналасқан. Дәл осы анклавтарда шекара маңы тұрғындары, қауіпсіздік қызметкерлері және мемлекеттік шенеуніктер қатысатын қақтығыстар болып тұрады [2, р. 1-7].

Қақтығыстар Согды облысының Исфара ауданының оңтүстік бөлігінде (Чорку, Сурх, Ворух және Шураб елді мекендерінде) және Баткен облысының (Ақ-Сай, Самаркандек және Ақ-Татыр муниципалитеттерінде) батыс бөлігінде орын алуда.

Баткен мен Согды облыстарының шекарасында тәуелсіздік жылдары бірнеше қақтығыстар болған. Соңғы бес жылда Тәжікстан мен Қырғызстанның мемлекеттік шекарасында 80-нен астам дау да-май орын алды. Шекаралық қақтығыстардың күшеюі кезінде жанжалдасушылар бір біріне тас лақтырып, жолдарды жауып, үй, көліктерді өртесе, 2014 жылдан бастап қақтығыстарда жаңа мазмұн пайда болды. Дау дамайларға шекарашылар, әскери қызметкерлер, қару қолданылатын болды [3, р. 3].

Мәселенің тарихы

Екі мемлекеттің шекара маңындағы қақтығыстар тек тәуелсіздік жылдары ғана басталған жоқ. 1924 жылы бастапқы ұлттық – территориялды межелеуден кейін Қырғыз Автономды Кеңестік Социалистік Республикасы кеңес орталық билігіне Қырғыз АКСР құрамына Исфара мен Сох әкімшілік бірліктерін беруді сұрады. Мемлекетаралық комиссия нәтижесіне сүйеніп орталық

үкімет Кыргыз АКСР-нің өтінішін қабылдамай, Исфара мен Сох Өзбек КСР-інің құрамында қалады деп шешті.

Қыргыз АКСР мен Өзбек КСР-і орталық үкімет Ферғана алқабындағы шекараны ұлттық территориялды межелеуін аяқтады деп хабарлағанына қарамастан бұл шешіммен келіспеді. Нәтижесінде Баткен ауданы мен Исфара аудандарында жер үшін қақтығыстар болып тұрды. 1936 жылы Ворух анклав маңайында қыстық тұрақ үшін көшпелі қырғыздар мен отырықшы тәжіктер арасында қақтығыс болды. Нәтижесінде бірнеше адам жарақаттанып, қаза тапты.

1960 жылдың соңында Исфара ауданының фермерлік шаруашылығы Баткен облысында орналасқан совхоздың жайылымына дейін кеңейе бастады. Кеңес Үкіметінің ауылшаруашылық министрлігі Исфаралық колхозға жерді жайылым ретінде қолдануға рұқсат бергенімен колхоз халық саны ұдайы өскеннен кейін және өңделетін жерді ұлғайту үшін бұл жерде канал салмақшы болды. Бұған наразы болған қырғыз ауылдарының тұрғындары әртүрлі инстанцияларға барып, орталық үкіметке петиция жіберді. Үкімет тарапынан жауап күтпей қырғыздар өздері араласты. Бұл 1969, 1970 және 1975 жылдары қақтығысқа әкелді [1].

1975 жылғы қақтығыстан кейін республикааралық комиссия таласты жерді екі фермерлік шаруашылық арасында бөлу және қырғыздарды жаңадан құрылған Аксай ауылына көшіру туралы шешімге келді. Комиссия Исфара совхозына суару маусымында Баткен колхозын сумен қамтамасыз етіп тұруға міндеттеді. Алайда Мехнатобод-Аксай каналындағы су Ворух анклав тұрғындарын сумен қамтамасыз етуге ғана жететіндіктен Қыргыз КСР-і жаңадан станция салды.

Қырғыздар мен тәжіктер арасындағы ең ірі қақтығыс 1989 жылы 22 маусымда болды. Тәжіктің Октябрь (Масчойи) қыстағы арқылы өтетін Ак-татыр каналын тәжіктер бөгеді. Қырғыздар күшпен каналды ашпақшы болды. Нәтижесінде бір қырғыз милиционері қайтыс болып, екі жақтың қатысушыларының көбі жарақаттанды. Жанжал Сох орталығынан әскерилердің әкелуімен шешілді. Сол кезде екі республиканың басшылары қақтығысты шешу үшін қажетті шараларды қабылдамады [4, с. 191].

Баткен – Исфара аудандарындағы кеңес билігі кезіндегі қақтығыстарға қысқаша шолу жасау Ферғана алқабындағы қақтығыстар мемлекеттер тәуелсіздіктерін алғаннан кейін ғана емес, 1930 жылдардан бері болып келе жатқандығын көрсетеді. Бұл қақтығыстардың мазмұнынан КСРО-ның орталық үкіметі отырықшы өмір салтын артық көргендігі көрінеді. Мәскеудегі орталық билік жайылым жерлері есебінен де егістік жерлерді ұлғайтты.

КСРО-ның модернизация жобалары тек көшпелі және жартылай көшпелі өмір салатына ғана әсер етіп қоймай, Арал теңізі сияқты экологиялық апатқа әкелді. Аталған факторлар мен қабылданған шаралар жеткіліксіз болғандықтан Баткен және Исфара аудандары таласты аудандар болып қалды және араларындағы шиеленіс латентті күйге өтті де біраз уақыт өткеннен кейін қайта таластар болды.

Бүгінгі жағдай

Шекарадағы қазіргі жағдай қандай, республикалар тәуелсіздіктерін алғаннан кейін трансшекаралық қақтығыстар толастады ма? Зерттеулер көрсеткендей халықтың ұдайы өсуі, жердің тапшылығы, су мәселесі сияқты шекара маңындағы дау дамайға әкелетін факторлар жаңарды.

Бүгінгі күні барлық шекара маңы территорияларында жұмыссыздық мәселесі кең етек алуда. Бұл мәселе республикалардың нарықтық экономикаға өтіп, өндірістің тоқтауынан пайда болғандығы белгілі. Халық дәстүрлі шаруашылығына оралды, яғни ауылшаруашылығымен айналысты. Бұл өз кезегінде жер мен суға қажеттілікті күшейтті.

Егеменді мемлекеттердің дамуымен жұмыссыздық көбейгеннен кейін жер өңдеушілер - тәжіктер мен өзбектер жаңа жерлерді игеруді жалғастырды. Ал қырғыздар жер өңдеуді тастап, мал шаруашылығына көше бастады. Алайда, бұның барлығы тұрақты су ресурстары мен жайылым жерлерін қажет етеді. Сонымен қатар, Ферғана алқабы халқы санының қарқынды өсуі жер мен суға таласты одан ары қарай ушықтырады [5, с. 27].

Баткен мен Исфара аудандарындағы шиеленіске талдау жасау аймақтағы қақтығыстардың эскалациясына бірнеше факторлардың әсер ететіндігін көрсетті. Оларға төменде жеке – жеке тоқталамыз.

Шекара маңындағы қақтығыстардың басты катализаторының бірі ретінде су мәселесін айтуға болады. Алқаптағы барлық шекара маңы қақтығыстары сумен байланысты болғанымен бұл территорияда су тапшылығы жоқ екендігін ескерте кету қажет. Суды пайдаланғанда және суды бөлгенде қиындықтар туғызатын бірнеше факторлар бар. Қырғызстанның Баткен, Лейлек аудандары мен Тәжікстанның Исфара, Гафуров, Джабар-Расулов аудандары кеңес кезеңінде

салынған ортақ трансшекаралық су шаруашылығы жүйесіне ие. Бұл жүйелердің су көзі бастауын Қырғызстанның территориясынан алатын Исфара (Баткен (ҚР), Исфара (ТР) аудандары үшін) және Козу-Баглан өзендерінің бассейндері (Лейлек (ҚР), Гафуров, Джабар-Расулов (ТР) аудандары үшін).

Бұл өзендердің ағынының су бөлінісін тараптар Кеңес Үкіметі кезінде келіскен. Су тұтынушыларға Торт-Гуль су қоймасы, «Матчои», «Кулунду-Разаков», «Чилгази» каналдары және «Ворух-Шураб» су құбыры трассасы арқылы тармақты гидротехникалық жүйе арқылы келеді. Алайда, соңғы жиырма бес жылда бұл құрылыстар тозған.

Шекара мемлекеттік шекараға айналғаннан кейін республикалардың су тұтынушылары арасында таластар одан ары қарай ушықты. Екі мемлекеттің су тұтынушылары арасында, Тәжікстанның су тұтынушылары мен Қырғызстанның шекарашылары арасында суға қатысты дау дамайлар болып тұрады.

90 жылдардың басында су мәселесі Чоркуда тәжіктер мен қырғыздар арасында қарулы қақтығысқа әкелді. Ол кезде каналдардың бас жағына көрші мемлекетке су кетпес үшін қарулы күзет қоятын. 2014 жылы су үшін талас қайта жанданды. Олардың ішіндегі ең күрделісі 2015 жылы тамызда Исфара ауданының Сомониен махалласында 1000-ға жуық адам жиналған қақтығыс болатын. Мұндай дау дамайлар шекараның барлық бөлігінде болып тұрады. Су шекара маңы қақтығыстары ушыққан кезде қысым үшін қолданылады [5, с. 29-30].

Келесі фактор – жол мәселесі. Тәжік және қырғыз елді мекендерін Кеңес Үкіметі кезінде құрылған бірінғай көлік жүйесі байланыстырады. Исфара алқабының жоғарғы бөлігінің тұрғындары аудан орталығы мен таудағы жайлымдарына Ворухты аудан орталығы Исфара қаласымен байланыстыратын бір ғана жолмен бара алады. Ворух Тәжікстанның Қырғызстандағы эксклавы болғанымен, онда тұратын халық олай деп есептемейді [5, с. 34]. Ал Қырғызстанның Аксай, Самаркандек және Актатыр айылдық округтерінің тұрғындары жайылымдарына Ворух анклавын кесіп өтетін жол арқылы барады. Қырғыздар Ворух арқылы өтетін жолды пайдаланған кезде жыл сайын малдары жоғалады да, бұл өз кезегінде екі ұлттың арасында қақтығысқа әкеледі [6, с. 175-176]. Шекара маңындағы шиеленістер ушыққан кезде екі жақ тарап жолдарда кедендік – шекаралық бекеттер орнатып, жолдарды жабады. Жолдар жабылған кезде азық – түліктің бағасы қымбаттап, шекара маңы тұрғындарына зиянын тигізеді.

Исфара мен Баткен аудандарындағы қақтығыстар. Жол мәселесіне байланысты жыл сайын бірнеше қақтығыстар болып тұрады. Соның ішіндегі ең ірісі Қырғыз тарапының Кокташ - Аксай – Тамдық автомобиль жолының құрылысын бастауынан кейін Ходжаи Аъло (Тәжікстанның Исфара ауданы) мен Аксай қыстақтары (Қырғызстанның Баткен ауданы) маңында 2013 жылдың соңында болды [4, с. 192]. Бұл қақтығыс халықаралық қатынастарда резонанс тудырды және осығанға дейінгі қақтығыстармен салыстырғанда бұл қақтығыста шекарашылар мен құқық қорғау қызметкерлері қатысқандықтан бұл қақтығыс толықтай қарастырылады.

Тәжік тарапы таласты территорияда кез – келген құрылыс және шаруашылық жұмыстарын жүргізуге тыйым салатын 2008 жылдың 24 сәуірінде Тәжікстан мен Қырғызстанның үкіметаралық делегациясы кездесуіндегі Хаттамаға сәйкес жол құрылысы таласты телімде салынып жатыр деп көрсетті. Ал қырғыз тарапы бұл жол салынатын болса Қырғызстанның Аксай, Самаркандек және Актатыр айылдық округтерінің тұрғындары жайылымдарына Ворух анклавын кесіп өтпей, айналып баруға мүмкіндік береді деп мәлімдеді.

Мәселені талқылаған кезде атыс қаруының қолданылды, нәтижесінде Қырғызстан мен Тәжікстан шекарашылары арасында атыс болды. Екі жақтан 8 адам зардап шекті: 2 тәжік және 5 қырғыз шекарашылары жарақат алды және қырғыз милиционері жараланды. Қырғызстанның шекара қызметі мәліметтеріне сәйкес Тәжікстанның әскери қызметкерлері мина атқыш пен граната атқыштар қолданды [6, с. 176-177].

Сол күні 2014 жылдың 11 қаңтарында Қырғызстанның СІМ Тәжікстанның СІМ екі ресми нота жіберді. Қақтығысқа байланысты қарсылығын білдіріп, Қырғызстанның СІМ-і Тәжікстанмен мемлекеттік шекара жабылатындығы туралы мәлімдеді. Нотада 2014 жылдың 11 қаңтарынан бастап қырғыз – тәжік мемлекеттік шекарасындағы барлық шекара мәне кедендік бақылау пункттері жабылатындығы көрсетілген. Ұлтаралық қақтығысты алдын алу үшін және шекара маңы халқының қауіпсіздігі үшін осындай шараларға уақытша баратындығы туралы да нотада хабарланды.

ТМД мемлекеттеріне Қырғызстан территориясы арқылы ғана шыға алатын Тәжікстан үшін шекараның жабылуы экономикасына нұқсан келтірді. Сол кездері Өзбекстан мен Тәжікстан арасындағы шекара жабық болғандықтан, Қырғызстан өзінің әрекеттерімен Тәжікстанға жанар-

жағармай материалдары келетін солтүстік бағытты толығымен қоршап тастады. Алайда кері әсерде болды: Ош пен Баткеннен алыста жатқан Баткен облысының тұрғындары Тәжікстанның жермен айналысатын аудандарының ауыл шаруашылық тауарларына тәуелді болды. Сонымен қатар, Тәжікстанға жанар-жағармай материалдары мен басқа да тауарларды сататын Қырғызстанның саудагерлері де зардап шекті. Пайда көзінен айырылған саудагерлер мәселені шешу үшін заңды және заңсыз жолдарды қарастырған [4, с. 192].

Жағдай ушыға бастады. Екі жақтан шекараға қосымша әскери қызметкерлер мен милиция жасақтары әкелінді. Әскери қимылдарға апаратын шынайы қауіп туды. БАҚ жергілікті тұрғындар мен шекарашылардың арасындағы жанжалдардың жиілеп кеткендігін хабарлап отырды. Тәжік пен қырғыз шекара маңындағы ауылдардағы тұрғындар арасында жағдайды реттеу және араларындағы сенімді қалпына келтіру үшін көп жұмыс атқарылды: облыс құрылымдары, құқық қорғау органдары, мұсылмандық басқарма, жергілікті билік өкілдері халықпен кездесіп, келісімге шақырды. Арандатушылық әрекеттерге бармау маңызды болды. Одан кейінгі екі айда бірнеше келіссөздер жүргізілді. 11 қаңтардағы оқиғаны анықтау үшін жұмыс топтары құрылды.

2014 жылы 17 ақпанда Бішкекте келіссөздер жүрді. Бұл кездесуде үкіметаралық жұмыс тобының жұмыстарының нәтижесі қаралды. Алайда БАҚ-на ақпарат берілмеді.

3 наурыз күні Душанбеде Қырғызстан мен Тәжікстанның мемлекеттік шекарасының таласты телімдерін делимитациялау мен демаркациялауға арналған үкіметаралық комиссиясының отырысы болды. Мемлекетаралық шекарадағы жағдайды реттеу үшін құрылған комиссияның жұмысын жалғастыру туралы Хаттамаға қол қойылды. Орын алған жанжалға талдау жүргізумен қатар, таласты телімдегі жол құрылысы мәселесінде шешу керек болды. Шекара маңында автомобиль жолын салу туралы шарт жобасының жұмыстары 31 наурыздағы екі делегацияның келіссөздерінде талқыланды.

Ақпараттық жағдай біртекті болмады: келіссөздердің жүру барысы туралы БАҚ-та ресми ақпаратпен қатар арандатушылық пиғылдағы хабарламалар да көп болды. Келісілген келісімдерге сәйкес 2014 жылы 1 сәуірде Қырғызстан Республикасы мен Тәжікстан Республикалары арасындағы мемлекеттік шекара ашылды, ал Баткенде екі республика арасындағы таласты телімдерді анықтайтын үкіметаралық комиссия жұмысын бастады.

Қырғызстанның (сәуір, 2014 жыл) жаңа үкіметі Исфара мен Баткен арасындағы таласты телімдердегі қақтығысты шешуге көшті. Сол кездегі вице-премьер – министр А. Маматалиев шекарадағы мәселелерді шешудің уақыты жетті деп мәлімдеді. Алайда осы хабарламадан кейін шамамен бір айдан кейін жаңа қақтығыс болды [4, с. 193-194].

2014 жылғы қаңтар қақтығысы халықаралық резонанс тудырып, бүкіл аймаққа әсер ететін нәтижесі бар. Қақтығысқа қатысушылар мен шектес жатқан мемлекеттер жағдайды өз ұлттық мүдделері призмасынан қарастырғанымен қақтығысты шешерде қалыптасқан аймақтық қауіпсіздік жүйесінің өміршеңдігін қамтамасыз ету басты орында болуы тиіс. Бұл екі жақты қақтығыс ішкі жүйелік сипатқа ие, сондықтан да құрылған аймақтық қауіпсіздіктің жүйесін бұзады. Ол ары қарай дамитын болса ШЫҰ-ның лаңкестікке қарсы құрылымы, ҰҚШҰ, ТМД-ның лаңкестікке қарсы орталығы мен ҚОБК-нің әрекет етуінің тиімділігін төмендетеді. Қырғызстан мен Тәжікстан ҰҚШҰ-ның мүшелері болғанымен және де олардың арасындағы қақтығыс ұйымның бір біріне қару қолданбау туралы ережесіне қарсы келсе де 2013 жылы желтоқсанда Ворух анклавында болған толқуға байланысты еш мәлімдеме жасамады. ҰҚШҰ-ның баспасөз қызметінің өкілі бас хатшын Н. Бордюжа Қырғызстан және Тәжікстан мемлекеттерінің басшылары телефон арқылы сөйлескенін хабарлады, алайда ешқандай ресми мәлімдеме болмады. Тараптардың басшылығының әрекеттері көрсеткендей олар пайда болған жағдайды өздері екі жақты тәртіпте келіссөздер арқылы делдалсыз шешу туралы келісуді жөн көрген [7].

Қақтығысты алдын-алудағы кемшіліктер. Жоғарыда қарастырылған қақтығысқа талдау жасау мемлекеттік құрылымдардың шекаралық территорияны дұрыс басқара алмауы таласты аудандарда қақтығыстарға әкелетіндігін көрсетті. Барлық болып кеткен немесе болып жатқан қақтығыстарда әлеуетті құрылымдар мен мемлекеттік мекемелердің атынан жергілікті билік көрінеді. Олардың әрекеті ескермеушілік сияқты көрінеді немесе жанжалды одан сайын ушықтырады. Мұндай жағдайда биліктің ашықтығы мен есеп беруге міндеттілігінің жоқтығы халықтың сенімін жоғалтады.

Қырғыз-тәжік шекарасындағы қауіпті трендтердің бірі – шекара аумағының милитаризациялануы. 2015 жылы 16 шілдеде қырғыз – тәжік шекарасының таласты телімінде кезекті қақтығыс болды. 2014 жылдың соңында шекарашылар қару қолданбайды деп келісілген шартқа қарамастан атыс қаруы қолданылды, оқ атылды. Қырғызстанның БАҚ-ның хабарлауы

бойынша Тәжікстанның азаматтары Кыргызстанның территориясына еніп, Баткеннен Исфанаға бара жатқан көлікке тас лақтырған. Шекарашылардың талаптарына құқық бұзушылар мән бермей, керісінше оларға шабуыл жасап, қаруларын тартып алмақшы болған. Оқиға орнына келген тәжік шекарашылары Тәжікстан азаматтарына көмектескен. Екі жақтан оқ атылды. Тәжік шекарашысы жараланып, Чоркух ауылының 18 жастағы тұрғыны Боборизо Ризоев қайтыс болды [4, с. 194-195].

Біраз уақыт өткеннен кейін Тәжікстанның БАҚ қақтығыс туралы жаза бастады. Олардың мәліметтеріне сәйкес Лангардың 6 тұрғыны Чоркуге бара жатқанда қырғыз шекарашылары тоқтатып, Чоркуге кіруге рұқсат етпеген. Ары қарай қақтығыс басталып, қырғыз тарапы оқ атып, Тәжікстанның шекара жасағының офицері жараланған, Чоркудің бір тұрғыны қайтыс болған [8].

Бұрынғыдай тәжік тарапы қарулы қақтығыс тәжік территориясында болды деп есептесе, қырғыз тарапы керісінше мәлімдейді. 8 шілдедегі кездесуде шекарада қару қолданбау керектігі, екі мемлекеттің ортақ шекарасындағы таласты телімдерді делимитациялау мен демаркациялауды тездету керектігі тағы да айтылды. Аталған елді мекенде әлеуметтік бірлік орнағанымен қандай да бір құқық бұзушылық орнайтын болса ушыққан шиеленіске апаратындығын көрсетті. Зерттеуші К. Токтомушев Баткен – Исфара аудандарындағы шекараның милитаризациялануы, яғни шекарадағы бақылаудың қаталдығы қақтығыстың ушығуына және аймақтағы ынтымақтастықтың өзгеруіне әкелді деп есептейді. Шекара қызметі бақылауы мен инфрақұрылымын күшейту мемлекеттің қауіпсіздігі үшін маңызды болғанымен толығымен анықталынбаған шекара телімдерінде шекара бақылауын күшейту жағдайды одан ары қарай ушықтырады [1].

Қазіргі кездегі Кыргызстан мен Тәжікстанның мемлекеттік шекарасы кеңес билігі кезінде екі социалистік республиканың арасындағы әкімшілік шекара ғана болатын. Сондықтанда екі мемлекеттің арасындағы трансшекаралық қатынасты реттейтін ережелер мен келісімдер дәл қазіргідей қатал болмаған. Алайда, 1990 жылдардың басында халықаралық шекараға ауысқаннан кейін жағдай өзгерді. Сол себепті Орталық Азияда шекара толық анықталынбай қатал шекара режимі орнату қиындықтарға әкеледі. Шекарашылар мен әскери техниканы қолдану қақтығыстардың ушығуына, тіпті мүлде жаңа деңгейге жеткізуі мүмкін. 2014 жылы Ворухта болған қақтығыста әскерилер, ауыр қару қолданылып, қарсылық ноталары жіберілгендіктен қақтығыстар бұрынғыдай шекара маңы тұрғындары бір біріне тас лақтырып тарқасатын қақтығыс емес екендігін көрсетті.

Көптеген саясаткерлер «шекара қауіпсіздігі» ұғымын «шекараны милитаризациялау» деп түсінеді. Сондықтанда көп жағдайда Баткен пен Исфара аудандарындағы қақтығыстардың қозғаушы күштері тек таласты және анықталынбаған шекаралар ғана емес, шиеленісті ушықтырып, қоғамдастықтар арасында алауыздық туғызатын шекараның милитаризациялануы.

Шекара маңындағы қақтығыстардың ушығуына түрлі салалардағы ұлттық заңнамалар және реформалар әсер етеді. Кыргызстан жерге, жайылымдарға жеке меншік енгізді және жер шетелдің азаматтарына сатылмайды. Жеке меншік енгізілгеннен кейін Кыргызстан жайылымдарын бұрын пайдаланып келген шетел азаматтары, яғни тәжіктер жайылымдарды пайдалану үшін ақы төлеу керек болды.

Кыргызстан Республикасының Үкіметі Баткен облысының шекара маңы территориясы мәселесін шешу мақсатында және көршілес республикалардан инфрақұрылым, көлік және энергетика саласында тәуелді болмас үшін стратегия қабылдады. 2011 жылы қабылданған «Кыргызстан Республикасының шекара маңы жекелеген территорияларына ерекше статус беру мен оларды дамыту туралы» Заңына сәйкес ерекше статусы бар Кыргызстанның шекара маңының жекелеген территорияларын әлеуметтік – экономикалық дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік бағдарламаларды жасау және жүзеге асыру қарастырылған.

Заң шетел азаматтарына шекара маңы территориясында болу режимін күшейтті, сонымен қатар шетелдіктерге жер телімдерін, үй және басқа да объектілерді сатуға тыйым салды. 2013 жылы Кыргызстан Үкіметі ерекше статусы бар Кыргызстанның шекара маңының жекелеген территорияларын әлеуметтік-экономикалық дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік бағдарламаны және 2013-2016 жылдарға арналған шаралар жоспарын қабылдады [5, с. 38]. Кыргызстанның Аксай, Ак Татыр және Самаркандек айылдық округтерінде бар болғаны 20 мыңға жуық адам тұрады және Кыргызстанның шекара маңында тұратын халқы мемлекеттің экономикасы дамыған, яғни жұмыс табылатын аймақтарына көшу тенденциясы байқалуда. Нәтижесінде тәжіктер қырғыздардың үйлерін заңсыз сатып алып, таласты территорияларға қоныстануда [2, р. 5]. Айта кету керек заңды тұрғыда рәсімделмеген сатып алулар болашақта шекараны делимитациялағаннан кейін жаңа қиындықтар әкеледі. Сондықтанда қырғыз үкіметі

шекара маңында тэжіктердің көбейіп, қырғыздардың үйлерін сатып алып, таласты телімдерді иемденіп алуларын болдырмау үшін түрлі шаралар қабылдап жатыр.

Зерттеушілер С. Олимова мен М. Олимов қырғыз тарапының шекара маңында жерге деген тапшылық жоқ, Қырғызстанда жер телімін жеке меншікке алу тез рәсімделетіндіктен қырғыздарға таласты телімдерді басып алуға ынталандырады деп есептейді. Тэжікстанда жерге жеке меншік жоқ, сондықтан халық жердің жалғыз иесі мемлекетке ғана үміттенеді. Тэжікстан қырғыз жол инфрақұрылымына тәуелді болғандықтан Қырғызстанмен жерге қатысты таласты ушықтырғысы келмейді. Нәтижесінде шекара маңында тұратын отырықшы тэжіктер қырғыздардың айтқанына көнуге мәжбүр [5, с. 39].

Жоғарыда келтірілген мәселелерді қарастыра келе Қырғызстан мен Тэжікстанның шекара маңы территорияларында трансшекаралық қақтығыстардың әлеуеті жоғары екендігін көре аламыз. Қазіргі кездегі Қырғызстан мен Тэжікстанның шекара маңындағы жағдайды ескере отырып мынадай қорытынды және ұсыныстар жасауға болады: 1) Қырғызстан мен Тэжікстанның тұрақты қарым – қатынасына қырғыз – тэжік мемлекеттік шекарасын делимитациялағаннан кейін ғана қол жеткізуге болады. Шекараның құқықтық рәсімделуі шекаралық, кедендік және т.б. бақылауды қамтамасыз етеді; 2) шекараның шырмалып жатқандығы, өзара тәуелді көлік коммуникациясы (жолдар біресе тэжік, біресе қырғыз территориясын кесіп өтеді), қырғыз территориясында тэжіктің Ворух эксклавының болуы және шахмат тақтасы іспеттес қырғыз және тэжік ауылдарының орналасуы жағдайды қиындатады; 3) территория үшін таластар, заңсыз жер мен жайылымды иемденіп алу, су маңайында дау дамайлар мен таластар, Қырғызстан азаматтарының заңсыз жер телімдері мен үйлерді сатуы сияқты мәселелер алаңдаушылық тудырады; 4) шекара маңындағы қақтығыстардың алдын алу үшін делимитациялау мен демаркациялауды тездету керек. Шекараны делимитациялау мен демаркациялауға жауап беретін комиссия Ворух анклавы және Чорку мен Сурх ауылдарына қатысты мәселелі телімдерге ерекше көңіл бөлулері керек; 5) екі жақтың азаматтарының заңсыз иемденіп алған таласты телімдеріне және шекара маңындағы тэжік ауылдарының тұрғындарының Қырғызстанның азаматтарынан заңсыз сатып алған мүліктеріне ерекше назар аударылу қажет. Аталған сатып алулардың заңға қайшы екендігін халыққа түсіндіру қажет.

Сонымен бірге, таласты телімдерді заңсыз иемденіп алуды болдырмау үшін атқарылатын шараларды тараптар мұқият келісіп алулары керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Токтомушев К. Социальная сплоченность и осмысление конфликтов в приграничных районах Кыргызстана и Таджикистана // <http://www.ucentralasia.org/Content/Downloads/UCA-IPPA-WP40-Promoting%20Social%20Cohesion%20and%20Conflict%20Mitigation-RUS.pdf>.

2 Matveeva A. Divided we fall ... or rise? Tajikistan–Kyrgyzstan border dilemma // *Cambridge Journal of Eurasian Studies*. – 2017. – Vol. 1. – P. 1-20.

3 Mamatova D. Cross-border cooperation in Ferghana Valley // *Central Asia Program*. – Vol. 1. – 2018. – P. 1-16.

4 Абдуллохон Х., Рахимов Н. Спорные территории как очаги напряженности на границе // *Вестник Таджикского государственного университета права, бизнеса и политики. Серия общественных наук*. – 2015. – №3. – С. 188-196.

5 Олимова С., Олимов М. Конфликты на границах в Ферганской долине: новые причины, новые участники // *Россия и новые государства Евразии*. – 2017. – №1. – С. 21-40.

6 Аламанов С. Трансграничные конфликты: обзор трансграничных конфликтов на государственной границе Кыргызской Республики с сопредельными государствами // В сб.: «Опыт Кыргызской Республики в управлении кризисными ситуациями: уроки для будущего» / под ред. А. Алымбаевой, Т. Тагарева / Женевский центр демократического контроля над вооруженными силами и Центр по менеджменту безопасности и обороны при Институте информационно-коммуникационных технологий Болгарской Академии наук, 2014. – Женева; Бишкек; Рига; София, 2014. – С. 156-195.

7 Гайсина Л. Таджикистан-Кыргызстан: делимитируй и властвуй (инфографика) // <http://www.news.tj/ru/news/tadzhikistan-kyrgyzstan-delimitirui-i-vlastvui-infografika>. 05.03.2018.

8 Житель Чоркуха был убит на границе Таджикистана с Кыргызстаном // <https://rus.ozodi.org/a/one-tajik-killed-in-tajik-kyrgyz-border-incident-/27112374.html>. 20.04.2018.